

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«А. Байтұрсынов атындағы  
Костанай  
мемлекеттік  
университеті» РМК  
Гуманитарлық-әлеуметтік  
факультет



Бекітемін

Ғылыми жөнөс торагасы

А.Дошанова

26.03.2019 ж.



## Модульдік білім беру бағдарламасы

### 7M02301 Қазақ филологиясы

Денгейі: магистратура (бағыт – ғылыми және педагогикалық)

Қостанай, 2019

## **Құрастырушылар:**

- 1 Ахметова Б.З. - тіл және әдебиет теориясы кафедрасының менгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор
- 2 Оразбаева А.С. - тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің әдістемелік кеңес отырысында қарастырылды, 23.01.2019 ж. № 1 хаттама

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың оқу-әдістемелік кеңес отырысында бекітілді, 26.04. 2019 ж. № 6 хаттама

## **Білім беру бағдарламасының паспорты**

<b>Білім беру бағдарламасының коды және атаяу</b>	7M02301 Қазақ филологиясы
<b>Білім беру саласының коды және біліктілігі</b>	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
<b>Дайындық бағытының коды және біліктілігі</b>	7M023 Тілдер және әдебиет
<b>ББ түрі</b>	Колданыстағы
<b>Білім беру бағдарламасының мақсаты</b>	
Филология саласында күзыретті, нарықта сұранысқа ие, жан-жақты эрудициялы, іргелі теоретико-әдіснамалық базаны білетін, ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-педагогикалық, ұйымдастыру-басқарушылық қызметтер дағдыларын менгерген мамандарды даярлау.	
<b>Берілетін дәреже</b>	
"7M02301 Қазақ филологиясы" білім беру бағдарламасы бойынша филология ғылымдары магистри	
<b>Маман лауазымының тізбесі</b>	
филолог, колледж, ЖКОО оқытушысы, БАҚ саласындағы маман-лингвист, бизнес-қатынас маманы, ғылыми қызметкер, аудармашы, лингвист-сарапшы.	
<b>Кәсіби қызмет объектілері</b>	
жоғары және орта кәсіптік білім беру ұйымдары, ғылыми-зерттеу орталықтары, газеттер, радио және ТД редакциялары, мемлекеттік басқару органдары.	
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	
филология және гуманитарлық білім саласында, тілдік, жеке тұлғааралық және мәдениетаралық коммуникация, білім беру, мәдениет және басқарудағы зерттеушілік және тәжірибелік қызмет	
<b>Кәсіби қызметтің функциялары</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру мекемелерінде филологиялық пәндерді оқыту;</li> <li>- филология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;</li> <li>- сөйлеу мәдениеті бойынша тренингтер өткізу; келіссөздер өткізу бойынша мастер-класстар;</li> <li>- мекемелерде мемлекеттік және орыс тілдерінде іс жүргізу;</li> <li>- аудармаларды жүзеге асыру;</li> <li>- лингвистикалық сараптама жүргізу.</li> </ul>	
<b>ББ бойынша оқыту нәтижелері</b>	
ON1 қазіргі кезеңде ғылымда пайда болатын дүниетанымдық мәселелерді талдау; кешенді, пәнаралық ғылыми зерттеулерде жобалау үшін философияның әдіснамалық құралдарын пайдалану;	
ON2 ғылыми коммуникацияны қазақ, орыс және шет тілдерде жүзеге асыра булу;	
ON3 ғылыми зерттеудің теориялық негіздерін, ғылыми әдістемесін және оның мазмұнын, ғылыми-зерттеу жұмысының түрлерін, жобалау техникасына қойылатын талаптарды менгеру;	
ON4 сынни талдау жүргізе алу және филология және басқа ғылымдар тоғысындағы ғылыми-теориялық және тәжірибелік білімді өз ғылыми зерттеулерінде жүзеге асыру;	
ON5 дағдылары қарым-қатынастың түрлі салаларында коммуникативтік стратегия мен тактика, шешендік, стилистикалық және тілдік норма мәселелерін менгеру;	
ON6 тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының қолданбалы аспектілері және олардың даму динамикасы аясында зерттеулер жүргізу;	
ON7 басқару психологиясы мен менеджменттегі басқарудың өзіндік ерекшеліктері мен әдістерін білу, басқару ортасындағы тұлға аралық коммуникация мен көшбасшылық, басшылық дағдыларын менгеру;	

ОН8 фольклордың негізгі зандаулықтары мен әдебиеттің сипаттамалы және тарихи аспектілері бойынша өзіндік зерттеу дағдыларын менгеру;

ОН9 интернет және педагогикалық технологияларды кәсіби қызметінде сапалы деңгейде жүзеге асыру дағдыларын менгеру, жоғары мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра білу;

ОН10 тіл білімінің өзекті мәселелері мен ғылыми концепцияларын, нақты түсінік пен білімді қалыптастыру: лингвистиканы зерттеудің жаңа бағыттары мен әдіснамалық аспектілерін менгеру

ОН11 көркем мәтінді тілдік сараптаудың негізгі әдістері мен методологиясы, көркем мәтінді құрастырудың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін менгеру

### **Жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігінің (ҚР-ЖБЕК) біліктіліктің Жан-жақты шенберіндегі үшінші деңгейлі дескрипторлар**

Білім беру бағдарламасын бітіргеннен кейін түлектер:

1) зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

2) жаңа оргата, барынша кең пәнаралық kontekste проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада одан әрі окуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

## Білім беру бағдарламасының мазмұны

Модуль атауы	Цикл, компонент (МК, ЖООК, ТК)	Пән коды	Пән атапу /практикалар	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Семестр	Қалыпта сатын құзырет тіліктер (кодтарды)
Жалпы кәсіби пәндер	БП/ЖО ОК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән ғылым феноменінде арнайы философиялық талдау пәні ретінде қаралады, ғылым негіздері мен теориясы туралы, ғылымның даму заңдылықтары мен ғылыми білімнің құрылымы туралы, мамандық және әлеуметтік институттар ретіндегі Ғылым туралы, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері туралы, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлі туралы білімді қалыптастырады.	3	1	ON1 ON3
	БП/ЖО ОК	ShT 5202	Шет тілі (кәсіби)	Бұл пәнді оқу барысында магистранттар оқытылатын лексикалық және грамматикалық тақырыптар шегінде шет тілінде ауызша және жазба қақарым-қатынас дағдыларын менгереді. Кәсіби қызмет саласында арнайы және ғылыми әдебиетті түсіну дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді.	5	1	ON2
	БП/ЖО ОК	ZhMP52 03	Жоғары мектептің педагогикасы	Бұл пәнді оқу арқылы магистранттар педагогикалық ғылым саласы, педагогикалық заңдылықтарды және білім беру процесін ұйымдастыруды жүзеге асыру (өз білімін жетілдіру), оқыту, тәрбиелеу (өзін-өзітәрбиелеу), даму (өзін-өзідамыту) және олардың белгілі бір қызмет түрі мен қоғамдық өмірге кәсіби даярлығын қалыптастырады.	4	1	ON5 ON7 ON9
	БП/ЖО ОК	BP 5204	Басқару психологиясы	Пән магистранттардың басқару психологиясының теориялық-әдіснамалық негіздерін түсініп, басқару үрдістері теориялық жүйесіндегі тұлғаның рөлі мен орны туралы түсінігін береді, басқару қызметінің және басқару өзара әрекетінің мәнін ашады. Магистранттар	4	1	ON5 ON7 ON9

				персоналды басқару принциптері мен әдістерін, мотивация теориясын, басқарушылық шешімдерді қабылдауды зерттейді, басқару ортасындағы басшылық, көшбасшылық және тұлғааралық коммуникация дағдыларын алады.			
Қазақ тіл білімі және әдебиеттану мәселелері	БП/ТК	GMK 5205	Ғылыми мәтіндер құрылымы	Бұл пәнді оқу барысында магистранттар ғылыми және техникалық әдебиеттердің функционалдық стилін, мәтінді мазмұндау амалын, тілдік құралдар жүйесін, мәтін байланыс сөзінің оқыту бірлігі ретіндегі ерекшеліктерін қарастырады. Сонымен бірге ғылыми мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері, ғылыми мәтіндердің жалпы қолданбалы лексикасы, экстралингвистикалық құралдар, ғылыми шығарманың құрылымдық ерекшеліктері жөнінде білімдерін жетілдіреді.	5	1	ON2 ON4 ON6 ON8
	БП/ТК	GZZhUZh 5205	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау	Бұл пән ғылыми зерттеудің теориялық негіздері, ғылыми әдістеме және оның мазмұны, ғылыми-зерттеу жұмысының формасы, жобалау техникасына қойылатын талаптар, ғылыми этика, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша диссертациялық зерттеудің тақырыбын жоспарлау, диссертацияның құрылымдық бөлімдері жөнінде теориялық және практикалық мәселелерді қарастырады.	1	1	ON2 ON4 ON6 ON8
	КП/Ж ООК	TB(A)Zh B 5301	Тіл білімінің/әдебиеттанудың жаңа бағыттары	Бұл пәнді оқу арқылы магистранттар толық ғылыми ақпараттар және олардың зерттеу ұстанымдары мен ғылыми-теориялық мәселелерін талдау, ғылыми концепцияларын айқындайды, нақты түсінік пен білім қалыптастырады. Әдебиеттанудың салалары: әдебиеттариҳын зерттеу, историография, библиография сыры, текстология мен әдебиет сыннының теориялық, практикалық ерекшеліктері жөніндегі мәселелер қарастырылады.	5	1	ON1 ON3 ON6 ON10

**"Тіл білімі" білім беру траекториясының модульдері**

Көптілді тұлғаның тілдік құзіреттілігі	KП/TK	KL 5302	Контрастивтік лингвистика	Бұл пән лингвистикалық типология тәсілдерінің контрастивті талдау негізін, тілдердің типологиясы жайында жалпы түсінік, тілдерді сипаттаудағы салыстырмалы-типологиялық тәсіл қатарындағы контрастивті талдау, жеке тілдік қосалқы жүйелердің контрастивті сипаттау принциптерін, өзге тілдерді үйрету тәсілдерін қарастырады.	5	2	ON2 ON6 ON10
	KП/TK	KTKKD 5303	Көптілді тұлғаның коммуникативті құзіреттілігін дамыту	Бұл пән көптілді тұлғаның коммуникативті құзіреттілігін, оны менгеру нәтижелеріне қойылатын талаптарды және коммуникативті құзіреттілік (анықтамасы), тұлғаның коммуникативті әлеуеті, коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасуындағы оқытудың ролі, коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру принциптерін қарастырады.	5	2	ON2 ON7 ON9
	KП/TK	KAUTM D 5304	Көптілдік аймақтағы ұлттық тілді және мәдениетті дамыту	Бұл пән ана тілдің дамуы мен сақталуы туралы мәселелерді, мемлекеттік тілдің нақты мәртебесін, диаспоралардың этникалық мәдениетін зерттеу, этнотілдік құрылыштың стратегиясы және этнотілдік саясаттың жүзеге асу тәсілдерін, тіл мен мәдениет, халықтың ауызекі сөйлесу ерекшеліктерін, этникалық сәйкестік және этникалық сана сезім және т.б. мәселелерді қарастырады.	5	2	ON2 ON7 ON9
Қазақ тілі және оның тарихын іргелі зерделеу	KП/TK	LIT 6305	Лингвистикалық ілімдердің тарихы	Бұл пән тіл туралы ғылымның шығуы: ұнді, қытай, араб, европа, тілдік дәстүрлерді, сөздік пен грамматика және олардың ішкі тілдік мәселелерін, сонымен бірге универсализм, компаративистика, неолингвистика және лингвистикалық география, лингвистиканың тарихи аспектілерін айқындаиды.	5	3	ON1 ON3 ON10
	KП/TK	LT 6306	Лингводидактика тарихы	Бұл пән тілді ғылыми ұғым объектісі ретінде, яғни қоғамдық дамудың заманауи кезеңіндегі тіл ғылымы түрғысында қарастырады. Тілдік білім жүйесінің құрылымын, қызметі және негізгі компоненттерін, мәдениаралық оқыту, тілді оқыту	5	3	ON1 ON3 ON10

				принциптерінің тарихи қалыптасуы, тілді оқытудың заманауи жүйесінің негізгі принциптерін айқындайды.			
Тіл білімінің жаңа бағыттары	KП/TK	KL 6307	Когнитивтік лингвистика	Бұл пән тіл білімі мен қазақ философиясының негізгі мәселелерін, лингвистиканың философиялық бағыттарға тәуелділігін, тіл және ойлау, қазақ поэзиясы мен прозасының ұлттық дүниетанымдық қасиеттерін, сондай-ақ қазақ жазушылары мен ақындарының шығармаларындағы концептілік жүйе мәселелерін айқындалап береді.	5	3	ON1 ON3 ON6 ON10
	KП/TK	Yuri 6308	Юрислингвистика	Бұл пән қоғамдағы тілдік конфликтілерді реттеудің негізгі ережелерін, тілдік конфликтілерді заңдық реттеудің негізгі принциптерін, мемлекеттік тілдің, тілдік саясаттың заңдық-лингвистикалық аспектілері мәселелерін, түрлі сот сараптамаларының ережелері мен күкүктық қызметті терминологиялық, аударма және лексикографиялық қамтамасыз ету жолдарын қарастырады.	4	3	ON1 ON3 ON6 ON10
<b>"Әдебиеттану" білім беру траекториясының модульдері</b>							
Қазақ әдебиеті және оның тарихын іргелі зерделеу	KП/TK	AFD 5302	Әдебиеттегі фольклорлық дәстүрлер	Бұл пән фольклордың филологиялық пән ретінде өзіндік ерекшелігі, фольклор дәстүрі, қазақ фольклоры және басқа ұлттар фольклоры, әдебиеттегі синкретизм мәселесі, сюжеттердің енуі, фольклор және әдебиет, әртүрлі дәүірдегі фольклордың сюжеттер және т.б. қарастырады.	5	2	ON4 ON6 ON8
	KП/TK	AZA 5303	Әдебиеттанымдық зерттеудің әдіснамасы	Бұл пән әдебиеттану ғылымының талдауының бүтіндік принциптерін, әдебиеттану ғылымының талдау аясындағы заманауи методологиялық көзқарастарды, мәтінді интерпретациялау, әдебиеттану ғылымының компаративистикасы, әдебиеттанымдық зерттеу әдіснамасы, оны жетілдірудің ғылыми-теориялық жолдары мен алғы шарттарын анықтау мәселелерін қарастырады.	5	2	ON4 ON6 ON8
	KП/TK	ABU	XX-XXI ғ.	Бұл пән көркем мәтіннің тілдік сараптамасының	5	2	ON6

		5304	әдебиетіндегі белсенді үрдістер	әдіснамасы мен негізгі әдістерін, көркем мәтінді құрастырудың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін, мәтін, контекст, ішкі мәтін, сондай-ақ шығарманың идеологиялық-эстетикалық мазмұны, көркем мәтіннің бейнелі бірліктері, тілдік сараптамадағы контекст рөлі, толық көркем мәтіннің сараптамасын қарастырады.			ON8 ON11
Әдебиеттан удағы жаңа бағыттар	KП/TK	PA 6305	Постмодернизм әдебиеті	Бұл пәнде модернизмнен кейінгі кезеңнің болмысы, постмодернизм, әлем әдебиетіндегі постмодернизм, постмодернизм әдебиетіндегі басты кейіпкер мен автордың бейнесі, философия контекстіндегі постмодернизм әдебиеті, постмодернизм әдебиеті мен жалпы байланыс қарастырылады.	5	3	ON6 ON8 ON11
	KП/TK	KKAU 6306	Қазақстандағы қазіргі әдеби үрдіс	Бұл пән Қазақстандағы әдеби үрдіс, Қазақстанның орыс тілді прозасы мен поэзиясы, заманауи қазақстандық әдеби үрдістің негізгі өкілдері, Тәуелсіздік жылдарындағы Қазастан әдебиеті, қазақстандық ақын-жазушылар шығармаларының көркем ерекшеліктері, әлемдік классиканы қазақ тіліне аударумәселелерін қарастырады.	5	3	ON6 ON8
Тіл экологиясы жәнелингво елтаным	KП/TK	TEAZhS M6307	Тіл экологиясы: ауызша және жазбаша сөйлеудің мәдениеті	Бұл пәнде лингвистикалық экология ұғымы, орфоэпиялық талаптар мен түйіндердің қатынасы мен жағдайы, өзгермелілік талаптары мен оларды аймақтандыру мәселесі, әдеби және ауызекі тілді қолдану саласында кодталған және кодталмаған түрлердің қатынасының өзгеруі, бұқаралық ақпарат құралдары және «тілдік постмодернизм», қарапайым тіл қарастырылады.	5	3	ON1 ON3 ON6 ON10
	KП/TK	Lin 6308	Лингвоелтаным	Бұл пән лингвоелтаным мәселелерін ғылым ретінде, яғнисөздің лингвоелтанымдық теориясы, лексикалық фон және фонды лексика, коннотация, коннотативтік лексика, лингвоелтанымдағы ономастика, тұрақты тіркестер мен қанатты сөздер, мақал-мәтедер,	4	3	ON1 ON3 ON6 ON10

				халықтық тілдік ұлгілер, лингвоелтанымдағы мәтін, мәтіннің көлемдік ерекшеліктерін қарастырады.			
<b>Вариативтік модуль- 10 кредит (5206,5207)</b>							
Жалпы базалық пәндер	БП/ТК	AMUShT	Арнайы мақсаттар үшін шетел тілі	Бұл пәнде арнайы мәтіндер, мәтіндердің тілдік: лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері, академиялық жазу, эссе жазу, нақты мәтіндер мен ғылыми мақалалар, мәтін жазудың тақырыптық және құрылымдық ерекшеліктері және оған қойылатын талаптар, мәтінді құру мен талдау қарастырылады.	5	2	ON2 ON5
	БП/ТК	IBBT	Иновациялық білім беру технологиялары	Бұл пән бойынша қазіргі білім беру жүйесі, білім беру парадигмасының өзгеруі, оның ерекшеліктері, мәні, белгілері, технология ұфымы шеберлік және іскерлік, білім беру технологиялардың құрылымы, түрлері, оқытушының негізгі функциялары, жобаны жасау барысында өздік жұмыс, ізденіс жұмысы, топтық жұмыс, альтернативті оқыту технологиялары қарастырылады.	5	2	ON9
		PShN	Педагогикалық шеберлік негіздері	Бұл пән жоғары мектептегі оқытушылық қызметке қажетті қазіргі заманғы білімнің маңызды салаларының бірі педагогикалық ғылым туралы. Білім және түсінік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пән мазмұнында жоғары мектеп педагогикасының орны, рөлі және маңызы туралы түсінік беретін педагогикалық теорияның ғылыми, теориялық негіздері қарастырылады.	5	2	ON5 ON7 ON9
		KKKP	Конструктивті қарым-қатынас психологиясы	Бұл пән конструктивті қарым-қатынас психологиясы, қарым-қатынас құрылымы, қарым-қатынастың коммуникативті жағы, қарым-қатынастың перцептивті жағы, қарым-қатынастың интерактивті жағы, тұлғааралық қатынастар, тұлғааралық конфликт және оны шешудің тәсілдері, қарым-қатынас стильдерін қарастырады.	5	2	ON5 ON7 ON9

		IT	Интернет технологиялары	Бұл пән интернет технологияларының негізі,интернет байланысының үлгісі, интернетке қолданушылардың қол жеткізуі, интернеттегі Web-серверлер, WEB-ресурстар технологиясы, интернетте іздестірудің технологиясы, интернет сервистері, электрондық пошта, Файлдармен айырбас және т.б. қарастырады.	5	2	ON6 ON9
		ZhBKT	Жобаларды басқарудың қазіргі технологиясы	Бұл пән жобаларды басқарудың үйгарымы (ағылшынша. project management), техникаларды қолдану,жобаның кәсіби салаларында жобаларды басқару,техникалық тиімділікті үйлестіретін жобаның және басқарушы әдістер өнімін жасау мәселелерін қарастырады және жобалар бойынша құзырыреттіліктерді қалыптастырады.	5	2	ON6 ON9
		RIKK	Іскерлік риторика	Бұл пән іскерлік риториканың теориялық заңдылықтары және оны практикалық түрғыда жүзеге асыру,қазақ халқының шешенендік өнері,қазақтың би-шешендері және олардың шешенендік сөздері,қазіргі қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастарды тіл арқылы жолға қою қағидаларын қарастырады.	5	2	ON2 ON5
		ВЕР	Бұлтты есептеулерді пайдалану	Бұл пәнбұлттық технологиялар және оның аспектілерін пайдалану, бұлттық құжат айналымы,бұлтты деректерді сақтау, ввиртуалды сынып, оқу курстарын дайындау,бұлттық оқудың басқару процесі,бұлттық сервистер мәселелері,бұлттық технологиялардың одан әрі дамытылуы және т.б. қарастырады.	5	2	ON6 ON9
		IKT	Іскерлік қазақ тілі	Бұл пән бойынша іскери кездесулердегі тіл мәдениеті, мемлекеттік тілдегі ресми құттықтаулар, іскери адамның мамандығы, жұмыс уақыты, іс-сапарда, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтер, қызметтік хаттар, ресми қабылдау және т.б. ресми құжат тіліне байланысты мәселелер қарастырылады.	5	2	ON2 ON5
Кәсіби практикалар	БП/ЖО ОК		Педагогикалық практика	Педагогикалық практика оқыту және оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Практика бағдарламасында	4	3	ON7 ON9

				берілген талаптар бойынша білім беру мекемелерінде оқу және тәрбие жұмыстарын жүзеге асырады. Практикада теориялық білімдер тәжірибеден өту барысында бекітіледі.			
КП/Ж ООК		Зерттеу практикасы		Зерттеу практикасында магистранттар ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастырады, зерттеудің әдіс-тәсілдерін менгереді. Өзіндік теориялық дайындық үшін тәжірибе жинайды. Берілген тақырыптар бойынша практика өткен мекемеде материалдар қарастырады, олады жүйеге келтіріледі, есеп береді.	10	4	ON2 ON4 ON6
Ғылыми- зерттеу жұмысы	МҒЗЖ		Тағылымдамада н өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Магистранттар мамандыққа және бекітілген тақырыптарына сәйкес инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысады, сондай-ақ диссертация үшін теориялық және практикалық материалдарды жинайды, методологиялық принциптерді менгереді, зерттеу нәтижелерін жариялады, тақырыптары бойынша ғылыми тұжырымдар жасайды, есеп береді.	24	1,2,3,4	ON2 ON4 ON6 ON8
Қорытынды аттестаттау	МДРҚ		Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және корғау		12	4	ON2 ON4 ON6 ON8
<b>Барлығы</b>				<b>120</b>			

